

келе, мынадай ойындар ұсынды: Ай-құлақ, дүмпілдек, марламқаш т.б., олар – балалардың әртүрлі қасиеттерін дамытуды көздейтін көргіштік, сезгіштік, жылдамдық, тапқырлыққа баулитын ойындар.

Жоғарыда көңіл аударған Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Шәкерім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов т.б. көздеген маңызды мақсатар- адам баласына дұрыс тәрбие берудің мәнді жолдары.

Қазақ ағартушылары тәрбие процесінде ұлт салт-дәстүрінің алатын орнын, дене тәрбиесіндегі халық педагогикасының мүмкіндігін пайдалана отырып, жан-жақты үйлесімді адам тәрбиелеудің дұрыс жолын айқындап берді.

Қазақ халқының өмірінде төрт түлік мал барлық уақытта шешуші орын алған. Бүкіл ғұмырын мал өсірумен өткізген қазақтың этнографиялық даму ерекшелігі, қуанышы мен реніші де осы малына байланысты болды. Себебі, төрт түлік мал кесе киімі, жесе тамағы, мінсе көлігі, шөлдесе сусыны болды

Сондықтан да малдың сан қилы қасиеттерін өте жоғары дәріптеп бағалады. Оларды мақұлықтар дүниесінің өкілі деп ұқпай, адамның өмір сүруінің негізгі тірегі мен жан серігі, тіршіліктің қайнар көзі деп түсінді[4].

Міне осындай, экономикалық құрылыстың негізінде төрт түліктің қасиеті бүкіл мәдениеттің, соның ішінде ұлттық ойындардың дамуының негізгі тірегі болды.

Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды дене тәрбиесінде қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық ойындар оқушылардың жоғары имандылық, дене қабілеттері мен қасиеттері рухын себуде маңызды құралдардың бірі саналады. Ұлттық ойындар ішінде тәрбие мен үйрету әдістері тәсілдерінің тұтас бір жүйесі қалыптасқан, олар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, халық өмірінің барлық жақтарын бейнелейтін дәстүрлі білім мен дағдылардың, шеберліктің жиынтығы ретінде игеріледі.

Өндірістік құралдарды пайдаланудың барысында ату, лақтыру, тартысу ойындары: садақ ату, найза лақтыру, арқан тарту, тік ағашқа өрмелеу күрес сияқты әскери – қолданбалы ойындар дамыды.

Сонымен қатар жүгіру, секіру, қарғу жарыс ойындары құрал – жабдықсыз ойналатын ойындардың негізін салды деп пайымдауымызға әбден болады деп есептейміз. Қазіргі таңда ұлттық ойындарды денешынықтыру сабақтарында және тұрмыста қолданудың кезі келді деген пікірдеміз. Сондықтан келешекте ұлттық ойындарды тереңнен зерттеп, ғылыми тұрғыда негіздеу бойынша жұмыстар көп болады деген сенім артамыз.

Әдебиеттер:

1.Тайжанов С., Қасымбекова С. Қазақтың ұлттық ойындары. // Мектептегі дене шынықтыру. 2007ж № 6 .22б.

2.Тоқай Р. Ұлттық қозғалыс ойындары- асыл қазына. //Мектептегі дене шынықтыру. 2006ж № 7 24б.

3.Асарбаев А. Ертедегі қазақтың ұлттық ойындары. // Мектептегі дене шынықтыру. 2007ж № 6. 6 б.

4.Шегенбаев Н.Б. «Оқушылар дене тәрбиесі жүйесінің тиімділігін ұлттық ойындар негізінде жетілдіру». Автореферат. пед.ғылым.кан.Алматы,2004 14-15б.

Сармантаев А.С., Жұмамұратов Б.А.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Сармантаева Т.К.

Керней тірек мектебі «ресурстық орталық» КММ, Қарағанды қ.

Әлім М.К.

«Сарыарқа дарыны» қосымша білім беру практикалық орталығы КММ, Қарағанды қ.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ-ҚОЗҒАЛМАЛЫ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮРДІСІН МОДЕЛЬДЕУ**

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру үшін алдымен оның құрылымдық-мазмұндық моделін жасап алу қажет. Өйткені, ол бізге осы қалыптастырудың құрамдас бөліктерін анықтауға, технологиясын жасауға, ұйымдастыру кезеңдері мен формаларын, әдіс-тәсілдерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындауға, диагностикалық құралдарын тандауға және олардың барлығын бір құрылымға жинақтап, оған сәйкес жүйелі іске асыруға мүмкіндік береді.

Жалпы модель деп (латынның сөзінен аударғанда - өлшем, үлгі) зерттеуде қиындық тудыратын немесе мүлдем мүмкін емес құбылыстар (заттарды, үдерістерді, жағдайларды және т.б.) зерттеу үшін басқа ұқсас құбылыстарды (затты, үдерісті, жағдайды және т.б.) жасанды құрастыру деп түсіндіріледі [1].

Модель (лат. *modulus* -үлгі, өлшем) нысан және оған қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдардың бірі (шартты бейне, схема, т.б.) болып табылады. Бұлар негізінен модельдің сандық сипатын анықтайды. Ал, модельдеу дегеніміз қандай да бір құбылысты, үдерісті немесе объектілер жүйесін олардың моделін тұрғызу жолымен зерделеу сияқты анықталады. Модельдеу ғылыми таным әдісі сияқты соңғы нәтижеде объектінің дамуына мүмкіндік береді.

Өртүрлі ғылыми проблемаларды шешу, білім беруде жаңа ақпараттар алу, зерттеу жүйелерін, құбылыстарды, үдерістерді негіздеу барысында модельдеу әдісі жиі қолданылады. Модельдеу шындықты зерделеудің кең таралған ғылыми әдістерінің бірі және жалпыланған және дерексіз объект, зерттелетін құбылыстың сұлбасы ретінде оның құрылысын білдіреді. Соңғы жылдары модельдеу әдісінің ғылым мен тәжірибенің көптеген салаларында кеңінен қолданылатындығын Ю.К.Бабанский, А.Н.Беляева, В.П.Беспалько, Н.Д.Хмель және т.б. еңбектері дәлелдейді. Ю.К.Бабанскийдің пікірінше, модельдеу зерттелетін үрдіс немесе құбылыс туралы білімді жүйелеуге көмектеседі, олардың тұтас сипаттамаларының жолдарын болжайды, компоненттер арасындағы толық байланыстарды анықтайды, біртұтас жіктемесін жасау үшін мүмкіндіктер ашады [2]. Н.Д. Хмель моделдеуді біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды бөлігі болады деп есептейді: «Яғни, зерттеуші-ұстаз үшін моделдеу зерттелінетін құбылыстың идеалдық моделі қайта жасаудың тәсілі болады. Практик-ұстаз үшін моделдеу іс-әрекетінің мақсатына сәйкес оның жағдайын ұстаз өзгерткісі келетін белгілі бір педагогикалық құбылысты немесе үдерісті тұтасымен ойша (алдынала) қайта құру тәсілі болады. Басқаша айтқанда, моделдеу ұстаз үшін педагогикалық теория мен практикалық іс-әрекет арасындағы бөлік болады» [3]. Ал, ғалым А.Н. Дахин педагогикалық модельдеу кезеңдерін анықтады:

- 1) үдеріске кіру және модельдеу үшін әдіснамалық негіздерді таңдау, зерттеу пәнінің сапалы сипаттамасы;
- 2) модельдеу міндеттерін қою;
- 3) модельді құрастыру, өлшеу әдістемелерін таңдау;
- 4) қойылған міндеттерді шешуде модельдің валиділігін зерттеу;
- 5) педагогикалық эксперименте модельді қолдану;
- 6) модельдеу нәтижелерін мазмұнды түсіндіру.

Оқу үдерісін жобалау мәселелері көптеген педагог-ғалымдардың В.М. Монаховтың, Л.Н.Оразбекованың, Г.Ш.Альназарованың, Қ.Ө.Кариеваның, Г.О.Қожашеваның т.б. зерттеу жұмыстарында зерттеу мақсатына байланысты шешімін тапқан. Бүгінде жобалау – білім беруді дамытудың басты факторы және оның көпүлгілі ұйымдастырылуының практикасы. Педагогикалық технологияны жасау және құрастырудың жалпы мәселелерімен шұғылданған Г.О.Қожашеваның зерттеу жұмыстарының жалпы теориялық негізінің, бағыттарының бірі ретінде оқу үдерісін технологиялық тәсілмен жобалаудағы мәселеге мән беріледі [4].

«Жобалау» термині латын сөзінен қазақшаға аударылғанда «алға жіберілген» - бұл объектінің немесе болашақтағы үдерістің қажет етілген үлгісін, моделін құру. Жобалаудың мәні болашақтағы қажет етілетін жағдайды конструкциялаудан тұрады.

Модельдеу әдісі - әртүрлі ғылыми проблемаларды шешу, білім беруде жаңа ақпараттар алу, зерттеу жүйелерін, құбылыстарды, үдерістерді негіздеу барысында жиі қолданылады. Егер объектіні зерттеу мүмкін емес немесе қиын болса, онда модельдеу қажет. Философияда «модельдеу» адам танымының тәсілдерінің (әдістерінің, тәсілдерінің, жолдарының) бірін сипаттайтын ең маңызды санат ретінде ерекшеленеді. Психологияда модельдеу – шындықты зерттеудің кең таралған ғылыми әдістерінің бірі және жалпыланған әрі дерексіз объектінің құрылысы, зерттелетін құбылыстың схемасы. Бұл объект зерттеу үлгісі болып саналады [5].

Педагогикалық зерттеулерде модельдеу өте күшті құрастыру құралы болып саналады. Дидактикада модельдеуді келесі маңызды шешімдер үшін қолданады:

- оқу материалының құрылымын оңтайландыру;
- оқу барысының жоспарлауын жақсарту;
- танымдық қызметті басқару;
- оқу-тәрбиелік үрдісті басқару;
- диагностикалар, болжаулар, оқытуды жобалау.

Педагогикалық жобаның тағайындалуы – педагогикалық практиканың өзгеруі, бұл мағынада білім берудегі жобалау іс-әрекеті – бұл саналы конструкциялау және педагогикалық жаңалықты, инновацияны ендіру. Педагогикалық жүйені жобалау білім беруді дамыту моделін тұрғызудың саналы және мақсатты бағытталған үдерісі, педагогикалық инновация ұсынылған идеалды модельдерді жүзеге асырудың өнімі. Педагогикалық жүйені жобалаудың көптеген технологиялары бар. Олар: В.М.Монаховтың, Н.А.Максимованың т.б. жұмыстарында қарастырылған. В.П.Беспалько бойынша жобалаудың кезеңдері: 1. Мақсат. 2. Мазмұн. 3. Оқушы. 4. Оқу үдерісі. 5. Мұғалім. 6. Ұйымдастыру формалары. Л.Николов бойынша жобалаудың кезеңдері: 1. Мақсат – нәтиже үлгісі. 2. Құрал – ретті жүзеге асырудың тұтас үдерісі. 3. Нәтиже – құрылымның мақсатты-нәтижелілік деңгейінің элементтері.

Модельдеу – модельдерді құру және зерттеу әдісі, педагогикада кең таралған, себебі педагогикалық объектілер басқалардан өзіне тән күрделілігімен ерекшеленеді. Н.В.Кузьмина модельдеуді педагогикалық іс-әрекетті талап ететін объект тұрғысынан қарастырады. Педагогикада модельдеу өздерінің күрделілігі мен көлеміне байланысты зерттеу және өндіріс түрінде қиындық тудыратын объектілерді жақындастыруды білдіреді. Модельдеу әдісі диаграммалардың, суреттердің және қысқаша ауызша сипаттамалардың көмегімен кіріктірілген динамикалық жүйе түрінде педагогикалық феноменді бейнелеуге мүмкіндік береді. Педагогикалық жүйенің моделін құру – педагогикалық теория мен тәжірибе арасындағы байланыс, зерттелетін құбылыс саласындағы теориялық тұжырымдардың толықтығын тексерудің тиімді құралы [6].

В.А.Штоффтың айтуынша, « модель зерттеу объектісін бейнелейтін немесе қайта шығаратын және оның зерттеуі осы объект туралы жаңа ақпарат беретін етіп ауыстыруға қабілетті ақылға қонымды немесе елеулі түрде іске асатын жүйе болып табылады». Жалпы нысанда модель зерттеу объектісінің кейбір қатынастары мен функцияларының элементтер жүйесі ретінде анықталады. И.П.Подласованың ғылыми модельдеу туралы еңбектеріне сүйене отырып біз модельді зерттеу тақырыбы туралы жаңа ақпаратты алуға мүмкіндік беретін, зерттелетін тақырыпты дұрыс көрсететін және оны алмастыруға қабілетті психологиялық жүйе деп білеміз [7].

Кез-келген модельдің негізін қалаушы педагогикалық ғылымның парадигмасы болып табылады, ол "теориялық ережелер жиынтығы", әдіснамалық негіздер, "ұғымдар мен құндылық өлшемдері" болып табылады, сондықтан кез-келген модельді жобалау оның парадигмасын, мазмұндық толтырылуын, яғни әдіснамалық негіздерін нақтылаудан басталады.

Біздің ғылыми жұмысты жазудағы басты міндетіміз - бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар

арқылы қалыптастыру. Осының негізінде оқушылардың танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың моделін жасау, яғни бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қазақ халқының ұлттық қозғалмалы ойындарымен дамытуды тиімді жүзеге асыру үшін модель жасау қажеттілігі туындайды. Негізі танымдық әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, оқушылардың ақыл - ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды: зеректілік, байқағыштық, ойлау және сөйлеу дербестігі т.б. Танымдық әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл - ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл - амалдарынан тұрады. Оқушылардың оқу-танымдық қызметін арттыру дұрыс әрі нақты әрекеттер негізінде іске асады. Баланың өзіндік сезімдік танымы негізінде қабылданған білім, дағды, ептілік әлдеқайда нәтижелі әрі жемісті болады. Танымдық белсенділіктің үш дәрежесі бар:

I дәреже – жаңғыртушы белсенділік – шәкірттің материалды жадылап, қайта жаңғыртуға, оны үлгі бойынша қолдануға, меңгеруге ұмтылысымен сипатталады. Белсенділіктің I – дәрежесіне тән көрсеткіш – оқушының бойында білімін тереңдетуге деген ұмтылыстың болмауы.

II дәреже - түсіндіруші белсенділік-оқушының оқығанын зерделеуге, оны өзіне белгілі ұғымдармен байланыстыруға, білімін жаңа жағдайларда пайдалану жолдарын меңгеруге ұмтылысынан көрінеді. 2-дәрежеге тән көрсеткіш оқушының бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге ұмтылуынан, қиындыққа тап болғанда оны жеңудің жолдарына қарастыруынан байқалатын үлкен дербестігі.

III дәреже – белсенділіктің шығармашылық дәрежесі - оқушының тапсырманы шешудің тың жолдарын іздестіруге деген ұмтылысымен сипатталады. Бұл дәреженің ерекшелігі - мақсатқа жетудегі табандылық, танымдық ынтаның негіздері мен әр алуандылығы. Педагогикалық аспектідегі - белсенділік баланың таным іс-әрекетіне деген қатынасын сипаттайды.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл - ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Білім негізі бастауыштан басталатыны белгілі. Бастауыш сынып оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан - жақты іздену қажет.

Жалпы балаға тәрбие бергенде ойын мен тәрбиені ұштастырып, бойына адами, рухани құндылықтарды сіңіретін негізгі құрал - ұлттық ойындар. Балаларға ұлттық ойындарды үйрету арқылы әділдікке, достыққа, сыйластыққа, кішіпейілділікке тәрбиелей отырып, яғни адамгершілік қасиеттері де қалыптастырылады. Басқа ойындар сияқты қазақтың ұлттық ойындардың тәртібін бұлжытпай орындауы баланың ойын барысында тәртіп сақтауы, баланы осы кезден бастап тәртіпке, әділдікке, жинақылыққа баулиды, адал, қайырымды, өжет болуға тәрбиелейді. Осы аталған құндылықтарды бастауыш сынып оқушыларының бойына ұлттық қозғалмалы ойындар арқылы дарытсақ нұр үстіне нұр болар еді. Осы жастағы оқушылардың танымдық белсенділіктерін дамытуда ұлттық қозғалмалы ойындар өте тиімді. Оқушыларды тез қимылдауға, аңғарымпаздыққа, белсенділікке, ептілік пен икемділікке баулиды. Дәл осы жаста баланы шыдамдылық, төзімділік, тез қимылдап, жедел шешім қабылдау, ойда сақтау қабілетін дамытуға дағдыландыру керек.

Міне, осы айтылып өткендер бізге бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін дамытудың компоненттерін анықтауға негіз болады. Жалпы белсенділіктің қозғаушы күші - қажеттілік пен құштарлық. Біз бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қазақ ұлттық қозғалмалы ойындары құралдарымен дамытудың компоненттерін үшке бөліп анықтадық: танымдық-қызығушылық, байқап-танып-білу, үйреніп-жасау.

*Танымдық-қызығушылық компоненті* - балалардың танымдық қажеттіліктерін: қызығушылығын, қозғалмалы ұлттық ойындарды үйренуге құштар болуын, таңдамалы танымдық іс-әрекетін көрсетеді.

*Байқап-танып-білу компоненті* - балалардың бастамашылық танымдық іс-әрекеттерінде білім мен тәжірибе жинақтау және түсіну арқылы жүзеге асырылады.

*Үйреніп-жасау компоненті* - ерікті танымдық қызмет барысында үйрену мен дағдыларды меңгерудегі балалардың тәжірибесін қамтиды, балалардың танымдық қызметке деген саналы қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған.

Танымдық белсенділіктің қалыптасу өлшемдері мен көрсеткіштерін алғаш рет И.Т.Огородников қарастырды және өлшемдердің екі үлкен тобын анықтады: тұлғаның қажеттілігіне, түрткісіне, қызығушылығына және практикалық бағыттылығына, яғни танымдық белсенділіктің біліміне және дағдысына бағытталған. Бұдан әрі Г.И.Щукина бұл бағыттарды нақтылап, оларға тұрақты танымдық қызығушылық енгізіп және оның көрсеткіштерін анықтады. 80-жылдарда танымдық өлшемдері мен көрсеткіштері мәселесін Т.Н.Шамов қарастырып, баланың практикалық дайындығына ерекше көңіл бөледі [8].

Біз зерттеу жұмысымызда жоғарыда аталған еңбектерге сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін тиімді дамыту үшін келесі өлшемдерді тұжырымдауды жөн деп есептейміз және оқушылардың белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру үшін модель әзірлеу кезінде педагогика ғылымында негізделген модельдеу принциптерін басшылыққа алдық және оның компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін, құрылымдық жүйе ретінде қарастырып әзірледік және таңдалған өлшемдер мен көрсеткіштер бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділік деңгейін анықтауға негіз болды.

Әдебиеттер:

1. Методы системного педагогического исследования: Учеб. Пособие /Под ред. Н.В.Кузьминой. –Л.: Изд-во ЛГУ, 1980, 46-47 С.

2. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса. - М., 1982. – 192 С.

3. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса: учебное пособие. – Алматы, 2002. – 90 С.

4. Қожашева Г.О. Оқу үдерісін технологиялық тәсіл негізінде жобалау арқылы болашақ мұғалімдерге математика курсының оқытуды жетілдіру (аналитикалық геометрия және сызықтық алгебра). П.ғ.к. ... дисс.. Алматы, 2003, 156 Б.

5. Философский энциклопедический словарь. - М.: ИНФВА М., 1999. – 576 С.

6. Кузьмина Н.В. Очерки психологии труда учителя. Психологическая структура деятельности учителя и формирование его личности. - Ленинград: Издательство Ленинградского университета, 1967. – 335 С.

7. Подласова И.П. Педагогика – М.: ВЛАДОС, 2004.

8. Шамов Т.Н. Проблемность - стимул познавательной активности // Народное образование. - 1966. - №4. - 32-37 С.

Кулейменов А.Ж.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Дене шынықтыру мұғалімі Искаков Ұ.М.

Б. Момышұлы атындағы орта мектеп, Қарағанды қ.  
Дене шынықтыру мұғалімі Исин М.М.  
мектеп-лицей №66 Қарағанды қ.

Дене шынықтыру мұғалімі Бейбитов С.А.

Ы. Алтынсарин атындағы мектеп-лицейі, Қарағанды қ.

**ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА  
ОҚУШЫЛАРҒА ҮЙРЕТУ**